КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 23 қаңтар Іс №1513-24-00-2/3895 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Е.Мукашеваның,
сот отырысының хатшысы А.Саныбайдың қатысуымен,
сот ғимаратында ашық сот отырысында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы аудио-бейне жазбасын қолданыла отырып қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Ырғыз ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Wesr Group24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 15 қаңтарда «Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Ырғыз ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - тапсырыс беруші) мен «Wesr Group24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай -орындауші) арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен» құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу келісім шарт №4 жасалған (әрі қарай -шарт).

Шарттың жалпы сомасы 685 000 теңгені құрайды.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес орындаушы жұмыстың орындау мерзімі шарт қазынашылық органында тіркелген күннен бастап жыл аяғына дейін, яғни жауапкер өзінің міндеттемелерін 2024 жылдың 31 желтоқсанға дейін Ырғыз ауданы Ырғыз ауылы ауылішілік көшелерге орнатылған бейне бақылау камераларына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізуге міндеттелген.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Келісім-шарттың 4.1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес орындаушы Электрондық әмиянды ақшадан қамтамасыз ету шарттың жалпы сомасынан 3%-ға 20 550 теңге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын 2024 жылғы 31 қаңтарда енгізілген.

Тараптар арасында келесі актілерге қол қойылған: 2024 жылғы сәуір айында – 171 250 теңгеге және 57 083 теңгеге, шілде айында – 114 167 теңгеге, қазан айында – 114 166 теңгеге, 2024 жылғы қараша айында – 57 083 теңгеге.

Шарттық міндеттемелер толық аяқталмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкер «Wesr Group24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Талап қоюшы өкілінен өтініш түсіп, онда талап арызын толығымен қолдап, сот отырысын қатысуынсыз қарауды сұраған.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер атынан өкіл сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі тараптардың өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан

Құжатқа қол қойылған: Мұкашева С. Е., 28.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Мукашева С. Е., 04.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында 2024 жылғы 15 қаңтарда келісім шарт жасақталаған. Келісім шарттың негізінде жауапкер «Wesr Group24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Ырғыз ауданы Ырғыз ауылы ауылішілік көшелерге орнатылған бейне бақылау камераларына техникалық қызмет көрсету жұмыстары жыл аяғына дейін, яғни 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүргізуге міндеттелген.

Тараптар арасында келесі актілерге қол қойылған 2024 жылғы сәуір айында – 171 250 теңгеге және 57 083 теңгеге, шілде айында – 114 167 теңгеге, қазан айында – 114 166 теңгеге, 2024 жылғы қараша айында – 57 083 теңгеге, орындалмаған жұмыс бойынша соммасы 171 250 тенге.

Заңның 17 бабының 9 тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда шарт орындалды деп есептеледі.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдеген жоқ, талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелерді сотқа ұсынған жоқ.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемесін толық орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Ырғыз ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Wesr Group24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Мұкашева С. Е., 28.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Мұкашева С. Е., 04.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «Wesr Group24» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджет пайдасына 1 846 теңге (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 28.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Мукашева С. Е., 04.03.2025

1513-24-3-1/4489